

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.6. - С.79-80

ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУ – ҰСТАЗ ШЕБЕРЛІГІНІҢ КЕМЕЛДЕНУІ

Сатыбалдиева А. - оқытушы

Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі, Тараз қ.

Елімізде жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беру мәселелері саласында түбегейлі, шұғыл бетбұрыстар жасалып жатқаны белгілі. Бүгінгі күннің мақсаттарының бірі - Тәуелсіздік туын тіккен жас мемлекетіміздің болашағына тұтқа болар білімді де білгір, білікті азаматтар даярлау. Оқытушы беделі, ең алдымен оның жеке басының қасиеттеріне, ұстаздық келбетіне байланысты екені анық. Білім саласында заманауи талаптарға сай жас мамандар даярлауға ұдайы көңілбөлу еліміздің нұрлы болашағын ойлау екендігіне Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауларында мол сенімін білдіреді. Ал білім беру саласында еңбек етудің өзі сөз жоқ қуаныш сезімін сыйлайды.

Ахмед Йүгінеки: «Бақыт жолы біліммен табылады», - депті. Оқытушы - болашақ мамандарды біліммен қаруландыратын бірден - бір тұлға. Оқытушының басты мақсаты - болашақ мамандарды жаңа дәуірдің талаптарына сай етіп тәрбиелеу. Білімгерлерге оқытушы күн шуағын шашқан іспеттес. Сол себепті осы дара жолда оқытушы да өзін - өзі үздіксіз жетілдіріп отыруы қажет. Оқытушы өзін-өзі жетілдіріп, үнемі ізденіс үстінде болады. Оқытушы өзін-өзі жетілдіруі алдымен өзінің ішкі уәжінің беріктігіне байланысты. Оқытушы оқыту мен оқудағы қазіргі заманауи әдіс-тәсілдерді жетік меңгеруі қажет. Шебер оқытушы нақты кезеңде қолданылатын тиімді оқыту элементтерін білімгерлерге, ортаға лайықтап, реттеп отыруы тиіс. Оның жаңашыл идеяларды қабылдау қабілетін тамыры тереңге кеткен ұстанымдары шектемеуі тиіс. Өзінің шеберлігін шыңдау- оқыту барықцавсында ауқымды міндеттерді шешіп, әрқашанда өзекті болып қала бермек.

Бүгінгі күні еліміздің білім беру саласында білім берудің дүниежүзілік жаңа сатысына көтерілу кезеңінде түрлі реформалар жасалып, ірі өзгерістер дүниеге келуде. Соның бір дәлелі – оқытушы бойында құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында жүзеге асырып отырған Қазақстан білім беру жүйесінің ұсынған деңгейлік бағдарламаларының маңыздылығы өте жоғары бағалануда. Осы бағдарламалардан оқытушының шеберлігін арттырып, шыңдаудың тиімді тәсілдерін көруге болады. Деңгейлік оқыту бағдарламасы түрлі тәсілдерден қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Оқыту туралы сындарлы түсінік нақты білім беруді мақсат тұтқан оқытушының өз сабақтарын білімгерлердің идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастырылуын талап етеді.

Reynolds D. және Muijs D. (2010) еңбектерінде көрсетуінше деңгейлік оқыту сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсеткен [1]. Жалпы айтқанда

деңгейлеп оқыту – оқыту процесін тиімді етудің бір әдісі. Өйткені, аталған оқыту балалардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда орны ерекше. Сабақтарда оқушыларға сұрақ қойғанда, оқушының ойына түрткі болатындай сұрақтарда болды. Қазіргі білім беру тұжырымдамасының талабында мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы жаңа болмыстық мазмұнда өзгеріп, оқытушы – ұйымдастырушы, бағыттаушы, оқушы – ізденуші, белсенді болуы керек. Оқушының өз бетімен білім алуының бір түрі – шығармашылық тапсырмалар орындау арқылы білім алу. Әдебиеттік оқу, дүниетану пәндерінде оқушыларға өз бетімен жұмыстар орнату арқылы шығармашылықпен білім алуға қол жеткізуге болады.

Жаңа әдістерін жетілдіру мақсатында педагогтардың біліктілігін арттыру курсының [2] ұсынылып отырған бағдарламасы мына жеті модульді қамтыған:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білімберуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшы

Деңгейлік оқытудың тапсырмаларының [3] ауқымы өте кең. Колледж білімгерлеріне берілетін тапсырмалар олардың ойлауына әсер етеді. Ол тапсырмаларды орындау үшін білімгерлер жауапты өздері іздейді. Оларды шешуде ойлауы жан-жақты болады, ақыл-ойы дамиды. Деңгейлік оқыту процесі - оқылатын ақпараттың азаюынан емес, қойылатын талаптардың әртүрлілігінен жүзеге асырылады. Заман сұранысына сай білімгерлер сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймай, оны игеріп, ізденіп, талап – пікір таластыру деңгейіне жету мақсатын көздейді.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Сондай бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін біз дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типтік оқытудағы әр білімгердің табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдай жасай отырып, оны жан-жақты болуын қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі

1. Reynolds, D. and Muijs, D. (2010) Effective teaching: evidence and practice. Sage (Paul Chapman). ISBN: 0761968814.
2. Ү.Б. Жексенбаева. Балалардың дарындылығын диагностикалау әдістемелік құрал. «РАДиАЛ» баспасы «Алматы» 2005.
3. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде: оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері // Қарағанды. 2011.